Аннотация. Актуальность исследования обусловлена необходимостью оценки содержания транс-жирных кислот и изучения жирнокислотного состава пищевых масел и жировых продуктов, поскольку данные показатели имеют важное значение для обеспечения безопасности пищевой продукции и охраны здоровья населения. Жирнокислотный состав является одним из ключевых критериев пищевой ценности и технологических свойств масел и жиров. Цель исследования заключалась в комплексной оценке жирнокислотного состава образцов жидких растительных масел, спредов, маргаринов и сливочного масла, приобретённых в торговых сетях города Алматы в 2023–2025 гг. Всего методом газовой хроматографии было исследовано 48 образцов. Определяли содержание насыщенных, мононенасыщенных, полиненасыщенных и транс-жирных кислот, а также пальмитиновой кислоты (C16:0). Полученные результаты сопоставляли с требованиями ТР ТС 024/2011 и международными нормативами. Установлено, что в растительных маслах преобладают полиненасыщенные жирные кислоты, содержание которых составляет 54–71 %, при этом максимальные значения характерны для рапсового масла. В отдельных образцах содержание транс-изомеров достигало 3,9–4,1 %, что, вероятно, связано с технологическими особенностями процесса дезодорации. В спредах и маргаринах выявлены существенные различия в составе жировой фазы: содержание транс-жирных кислот составляло 30–39 %, что свидетельствует об использовании частично гидрогенизированных жиров. В образцах, изготовленных на основе переэтерифицированных жиров, содержание транс-изомеров находилось в пределах 0,5–3,8 %, однако доля насыщенных жирных кислот возрастала до 50–63 %. Сливочное масло в целом сохраняло характерный природный липидный профиль, однако отдельные отклонения могли указывать на присутствие растительных жиров. Полученные результаты подтверждают необходимость регулярного мониторинга жирнокислотного состава жировых продуктов и совершенствования технологий переработки масел, направленных на снижение содержания транс-жирных кислот и повышение безопасности пищевой продукции.

Ключевые слова: растительные масла, транс-жирные кислоты, маргарин, спред, насыщенные жирные кислоты, газовая хроматография, безопасность пищевой продукции

Кіріспе. Адам денсаулығы мен өмір сүру ұзақтығының қалыптасуында тамақтану сипаты жетекші факторлардың бірі. Тағамдық рационның теңгерімділігі мен биологиялық құндылығы алиментарлық аурулардың даму қаупін айқындайды. Ал бұл үдерісте майлардың мөлшері мен сапалық құрамы ерекше маңызға ие. Майлар ағза үшін негізгі энергия көзі болумен қатар, жасуша мембраналарының құрылымдық компоненті, гормондар мен биологиялық белсенді қосылыстардың прекурсоры ретінде қызмет атқарады, сондай-ақ майда еритін витаминдердің сіңірілуін қамтамасыз етеді. Алайда тамақтану рационндағы май қышқылдарының құрылымы адам ағзасының физиологиялық функцияларының бұзылуына әкелуі мүмкін (Zhang et al., 2025).

Соңғы жылдары жұқпалы емес созылмалы аурулардың таралуы тұрақты түрде өсіп келеді, бұл олардың даму факторларын кешенді зерттеудің маңыздылығын арттырады (Oteng et al., 2020). Адамның күнделікті тағамдық рационның сапасы мен құрамындағы тепе-теңдіктің бұзылуы, созылмалы аурулардың дамуында шешуші рөл атқарады және оларға ерекше назар аудару қажет. Рациондағы макро-және микронутриенттердің теңгерімсіздігі зат алмасудың бұзылуына, көмірсу және липид алмасуының дисфункциясына әкеліп, қант диабеті, жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары және басқа алиментарлы байланысты патологиялардың даму қаупін арттырады (Ruta et al., 2023).

Әдеби шолу. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының сарапшылары мен мамандары халықтың күнделікті рационында кеңінен тұтынылатын тағам компоненті ретінде майлардың рөліне, сондай-ақ олардың салауатты тамақтану құрылымындағы орнына айрықша назар аударып келеді. Бұл ретте адам денсаулығына май қышқылдарының транс-изомерлерінің кері әсері ерекше атап өтіледі (Umayangani et al., 2026). Бүгінгі күні тағам өнімдеріндегі транс-изомерлердің жоғары мөлшері жаһандық деңгейде қызу талқыланып отырған өзекті мәселелердің біріне айналды. Өйткені ауқымды эпидемиологиялық және клиникалық зерттеулерде транс-майларды тұтыну жүрек-қантамыр жүйесі ауруларының, қатерлі ісіктердің, II типті қант диабетінің, семіздіктің, овуляциялық бедеуліктің, сондай-ақ жүйке, эндокриндік, иммундық және ас қорыту жүйелері ауруларының дамуымен тығыз байланысты екені дәлелденді (Wang et al., 2026).

Транс-майлардың негізгі көздеріне жартылай гидрленген өсімдік майларын пайдалану арқылы өндірілетін өнімдер жатады. Олардың қатарына маргариндер, спредтер, кондитерлік өнімдер, әртүрлі пісірмелер, фастфуд, сондай-ақ бірнеше рет қыздырылған майда дайындалатын қуырылған тағамдар мен жеңіл тағамдар кіреді. Жартылай гидрлеу процесі майлардың сақтау тұрақтылығын және технологиялық қасиеттерін жақсартқанымен, осы процесс барысында табиғи цис-май қышқылдары транс-изомерлерге айналып, олардың биологиялық тұрғыдан зиянды формалары түзіледі (Zheng et al., 2026).

Транс-майлардың адам ағзасына тигізетін теріс әсерлері жөніндегі ғылыми дәлелдер жинақталғаннан кейін, көптеген дамыған елдер бұл мәселені заңнамалық деңгейде шешуге кірісті. Әсіресе Еуропалық Одақ коммерциялық өнімдердегі транс-май қышқылдарының (тек жануар майында табиғи түрде болатын транс-майларды қоспағанда) мөлшерін жалпы майдың 2%-дан аспауын шектейтін стандарттарды қабылдады (WHO, 2015). АҚШ-тың Азық-түлік және дәрі-дәрмек басқармасы транс-майларды «жалпы қауіпсіз деп танылмайтын» заттар қатарына енгізіп, тағам өндірісінде ішінара гидрогенизацияланған майларды пайдалануды едәуір шектейтін талаптар бекітті. Бұл шешім транс-майларды тұтынуды азайту арқылы халықтың жүрек-қантамыр ауруларына шалдығу деңгейін төмендетуге бағытталды (FDA, 2005). Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы транс май қышқылдарын тұтынуды тәуліктік энергия құндылығының 1%-ынан асырмау жөнінде ұсыныстар жариялады, өнеркәсіптік жолмен алынатын транс май қышқылын тағам рационнан толықтай алып тастау қажеттігін атап өткен жаңа ережелер қабылданды (WHO, 2023).

АҚШ-тың санитарлық және тағам қауіпсіздігі саласындағы ұсынымдарына сүйене отырып, басқа да көптеген мемлекеттер өздерінің ұлттық заңнамаларын әзірледі. Бұл елдерде тағам өнімдеріндегі транс-майлардың рұқсат етілген ең жоғары мөлшері белгіленіп, өндірушілерге өнім құрамын ашық көрсету міндеттелді (Nagpal et al., 2021). Мұндай шаралар тұтынушылардың саналы таңдау жасауына мүмкіндік беріп қана қоймай, азық-түлік өнеркәсібін неғұрлым қауіпсіз және денсаулыққа пайдалы технологияларға көшуге ынталандырды. 2018 жылдан бастап Кеден одағының техникалық регламентке (ТР ТС 024/2011 «Май-тоңмай өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» құжаты) өзгерістер енгізіліп, барлық май-тоңмай өнімдеріндегі транс май қышқылдарының ең жоғары рұқсат етілген деңгейі өнімдегі жалпы май мөлшерінің 2%-ынан аспауы тиіс деген талап заңды түрде бекітілді (Demin et al., 2020).

Шетел мемлекеттерінде транс-май қышқылдарын тұтынудың халық денсаулығына әсері кеңінен зерттеліп келеді, ал елімізде бұл бағыттағы ғылыми зерттеулер саны шектеулі. 2018 жылы техникалық регламент талаптарының қатандатылуы нәтижесінде қалыптасқан жаңа жағдайды бағалау қажеттілігі туындап отыр. Осыған байланысты тағам өнеркәсібі мен мемлекеттік зертханалар майлардың құрамына қатаң бақылау жүргізуі қажет, бұл қаныққан май қышқылдары мен транс май қышқылдарын тұтынумен байланысты аурулардың жоғары таралу жиілігін төмендетуге оң әсер етеді деп күтіледі. Қазақстанда өндірілетін майлар мен майлы өнімдердегі транс-изомерлердің құрамы туралы деректер қазіргі таңда қолжетімді емес. Дегенмен, алғашқы зерттеулер коммерциялық айналымдағы кейбір отандық май өнімдерде транс май қышқылдарының мөлшері өте жоғары екенін көрсеткен (Toshtay et al., 2025).

Осыған байланысты еліміздегі азық-түлік нарығында сатылымдағы (2023-2025 жылдар) маргариндер, спредтер, сары майлар және сұйық өсімдік майларындағы транс май қышқылдарының жалпы мөлшерін, анықтауды мақсат етті. Транс май қышқылдары мәселесін тиімдірек реттеуге негіз қалыптастыру мақсатында қосымша міндет ретінде, құрамында жартылай гидрленген майлар бар екендігі көрсетілмеген өнім үлгілерінде де транс май қышқылдарының мөлшері стандартқа сай келу-келмеуі зерттелді. Сонымен қатар, денсаулыққа пайдалырақ тағам өнімдерін өндіруге қатысты ұсынымдарды нақтылау үшін зерттелген майлардың тотығуға тұрақтылығы да бағаланды. Зерттеу нәтижелері тағам өнімдерінің қауіпсіздігін арттыруға және транс-май қышқылдарын реттеуге бағытталған нормативтік шешімдерді ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нысандары мен әдістері. Зерттеу нысандары ретінде өсімдік майлары, маргариндер, спредтер және сары майдың жергілікті және шетелдік өндірісінен алынған 48 үлгі таңдап алынды. Үлгілерді іріктеу 2023-2025 жылдары аралығында Алматы қаласының түрлі сауда нүктелерінде жүргізілді. Өкілдікті қамтамасыз ету мақсатында әртүрлі баға санаттарындағы және өндірушілерден шыққан өнімдер таңдалды.

Май қышқыл құрамын анықтау әдісі:

Май үлгілерін дайындау барысында 0,1 г май алынып, 1,8 мл гексанмен шайқау арқылы ерітілді. Қоспаға метанолдағы 10% натрий метоксиді ерітіндісінің 0,5 мл көлемі қосылды. Қоспа гомогенизацияланғаннан кейін фазалар бөлініп, түзілген жоғарғы мөлдір қабат әрі қарай талдау үшін алынды. Барлық анықтаулар ISO 12966-2 және ISO 12966-4 стандарттарына сәйкес жүргізілді (ISO 12966-2, 2017; ISO 12966-4, 2015). Май қышқылдарының метил эфирлерін (FAME) анықтау газ хроматографиялық–жалын-ионизациялық детектор (GC-FID) әдісімен жүзеге асырылды. Идентификация дериватталған май қышқылдарының ұстау уақыттарын Supelco фирмасының стандартты FAME қоспасымен (C4–C24) салыстыру арқылы жүргізілді. Барлық үлгілер Chromos GH-1000 газды хроматографында, CP-Sil 88 капиллярлы колонкасын қолдана отырып талданды. Тасымалдаушы газ ретінде гелий пайдаланылып, инжектор мен детектор температуралары тиісінше 250 °C және 260 °C деңгейінде ұсталды.

Зерттеу нәтижелері. Бұл зерттеуде 2023-2025 жылдары аралығында Алматы қаласының сауда желілерінен алынған өсімдік майлары, маргариндер, спредтер және сары май үлгілерінің май қышқылдық құрамы талданды. Үлгілердің құрамындағы қаныққан (ҚМҚ), моноқанықпаған (МҚМҚ) және полиқанықпаған (ПҚМҚ) май қышқылдарының және транс-изомерлі (ТМҚ) май қышқылдарының пайыздық көрсеткіштері, сондай-ақ пальмитин (C16:0) қышқылының мөлшері газхроматографиялық талдау әдісімен анықталды.

Кесте 1 – ҚР әртүрлі өңірлеріндегі сауда желісінен алынған сұйық өсімдік майларының май қышқыл құрамы

Сұйық май үлгілері	жыл	ҚМҚ	МҚМҚ	ПҚМҚ	ТМҚ (<i>trans</i>)	C16:0 пальмитин
Күнбағыс майы №1	2023	11,269	26,102	62,627	0,230	9,982
Күнбағыс майы №2	2023	12,903	25,997	61,099	0,332	7,882
Күнбағыс майы №3	2023	14,130	31,251	54,619	0,460	8,781
Күнбағыс майы №4	2024	6,015	23,194	70,791	1,712	3,634
Жүгері майы №5	2024	8,816	32,518	58,667	0,000	6,865
Мақта майы №6	2024	24,258	25,321	50,423	1,751	16,867
Күнбағыс майы №7	2024	13,447	31,837	54,717	3,953	8,605
Күнбағыс майы №8	2024	14,861	29,307	55,830	0,339	9,399
Күнбағыс майы №9	2024	13,241	30,491	56,269	1,173	7,464
Күнбағыс майы №10	2024	14,593	29,070	56,335	2,627	8,599
Рыжик майы №11	2024	12,667	32,957	54,375	0,571	5,718
Рапс майы №12	2024	9,643	51,916	37,913	0,543	6,847
Күнбағыс майы №13	2025	16,120	25,379	58,502	0,772	8,256
Күнбағыс майы №14	2025	13,880	28,759	57,361	1,507	6,940
Соя майы №15	2025	15,090	22,804	62,106	4,0632	9,620
Күнбағыс майы №16	2025	13,472	28,740	56,768	0,963	7,503

1-кестеде 2023-2025 жылдары зерттелген 16 сұйық өсімдік майының құрамдық талдауы, олардың ҚМҚ, МҚМҚ және ПҚМҚ көрсеткіштері, сондай-ақ пальмитин (C16:0) қышқылының мөлшері әртүрлі деңгейде анықталды.

Күнбағыс майлары қаныққан май қышқылдары бойынша салыстырмалы түрде төмен деңгейде болып, ПҚМҚ құрамында жоғары мәнге ие екені анықталды, моноқанықпаған май қышқылдары барлық күнбағыс майларында 25-31% аралығында тіркелсе, рапс майы МҚМҚ құрамында ең жоғары - 51,916% мәнін көрсетті. ПҚМҚ мөлшері күнбағыс майлары үшін 54-71% аралығында өзгеріп, омега-6 қышқылдарының басымдылығын білдірсе, рапс майында салыстырмалы түрде төмен -37,913% болды. Жалпы талданған майлардың басым бөлігінде транс-изомерлердің аз екені анықталды. Транс май қышқылдарының мөлшері соя майында ең жоғары - 4,063% , ал №7 және №10 күнбағыс майларында транс изомерлер мөлшері сәйкесінше 3,953% және 2,627 % көрсетті. Пальмитин қышқылының мөлшері үлгілер арасында әртүрлі болып, мақта майында ең жоғары мәнге ие екені анықталды.

Кесте 2 – ҚР әртүрлі өңірлеріндегі сауда желілерінен алынған спредтердің май қышқыл құрамы (%)

Спред үлгілері, №	жыл	ҚМҚ	МҚМҚ	ПҚМҚ	ТМҚ (<i>trans</i>)	C16:0 пальмитин
1	2023	61,263	28,871	9,550	0,000	44,975
2	2023	44,146	30,038	26,480	0,000	39,751
3	2024	23,248	69,694	7,120	39,764	11,662
4	2024	15,075	79,031	5,815	34,808	7,151
5	2024	61,324	28,089	9,502	0,000	41,666
6	2024	32,487	62,836	4,304	35,190	12,015
7	2024	55,256	34,451	10,037	0,000	43,540
8	2024	22,969	69,677	7,246	37,375	9,013
9	2025	44,799	34,481	20,719	1,194	24,763
10	2025	24,282	56,749	18,97	15,323	6,675
11	2025	23,619	64,543	11,837	22,268	6,530

2-кестеде 2023-2025 жылдары сауда желілерінен алынған спред үлгілерінің май қышқылдық құрамы көрсетілген. Алынған деректер спредтердің құрамында ҚМҚ, МҚМҚ, ПҚМҚ және транс - ТМҚ үлесі бойынша айтарлықтай айырмашылықтармен сипатталады. №1, №5 және №7 сияқты кейбір үлгілерде ҚМҚ жоғары мөлшері 55-61% аралығында байқалды.

МҚМҚ мөлшері кейбір спред үлгілерінде жоғары деңгейде анықталды. Мысалы, №3, №4, №6 және №8 үлгілерінде МҚМҚ үлесі 62-79% аралығында болды. ПҚМҚ мөлшері спредтерде жалпы алғанда төменірек көрсеткіштермен сипатталды.

ТМҚ бойынша спред үлгілерінің арасында елеулі айырмашылықтар анықталды. Кейбір үлгілерде транс-май қышқылдары анықталмаған немесе өте төмен деңгейде болса, №3, №4, №6 және №8 үлгілерінде ТМҚ мөлшері 34-39% аралығында болды. 2025 жылғы №10 және №11 үлгілерінде транс-майлар сәйкесінше 15,323% және 22,268% деңгейінде тіркелді.

3-кестеде сауда желілерінен алынған маргарин үлгілерінің май қышқылдық құрамы және транс изомерлер мөлшері көрсетілген.

Кесте 3 - ҚР әртүрлі өңірлеріндегі сауда желілерінен алынған маргариндердің май қышқыл құрамы (%)

Маргарин үлгілері, №	жыл	ҚМҚ	МҚМҚ	ПҚМҚ	ТМҚ (<i>trans</i>)	C16:0 пальмитин
1	2023	15,778	71,675	12,545	30,741	6,740
2	2023	15,928	71,167	12,072	31,142	6,456
3	2024	29,735	28,653	41,612	0,928	22,341
4	2024	47,384	28,556	24,06	0,727	19,685
5	2024	36,643	41,002	22,356	0,573	25,721
6	2024	20,860	67,100	12,041	11,893	9,426
7	2024	32,214	26,287	41,499	0,501	26,705
8	2024	35,471	38,290	23,150	1,385	27,205
9	2025	62,787	28,737	8,477	3,090	19,202
10	2025	30,914	42,733	26,351	3,830	16,375

Зерттелген маргарин үлгілерінде ҚМҚ мөлшері 15,8%-дан 62,8%-ға дейін кең диапазонда өзгереді. №9 үлгіде ҚМҚ-ның ең жоғары деңгейі тіркелді. Дәл осы үлгінің құрамындағы пальмитин қышқылының (C16:0) мөлшері де салыстырмалы түрде жоғары болды.

МҚМҚ мөлшері кейбір үлгілерде өте жоғары деңгейде байқалды. Атап айтқанда, №1, №2 және №6 үлгілерінде МҚМҚ үлесі 67-72% аралығында анықталды. ПҚМҚ үлесі де айтарлықтай өзгеріп отыр.

№3 және №7 үлгілерінде ПҚМҚ мөлшерінің 40%-дан жоғары деңгейі байқалды.

ТМҚ-на қатысты нәтижелеріне назар аударсақ, 2023 жылғы үлгілерде (№1 және №2) транс-май қышқылдарының жоғары деңгейі ($\approx 30-31\%$) анықталып, бұл гидрлеу технологиясының қолданылғанын көрсетеді. Ал 2024-2025 жылдары алынған үлгілердің басым бөлігінде транс-майлар 0,5-3,8% аралығында анықталды.

Кесте 4 – ҚР әртүрлі өңірлеріндегі сауда желілерінен алынған сары майлардың май қышқыл құрамы (%)

Сары май үлгілері, №	жыл	ҚМҚ	МҚМҚ	ПҚМҚ	ТМҚ (<i>trans</i>)	C16:0 пальмитин
1	2024	62,750	30,794	6,456	4,855	15,809
2	2024	58,517	32,342	9,141	4,256	17,088
3	2024	63,484	26,573	9,941	2,615	15,604
4	2024	65,288	28,801	5,908	4,592	14,630
5	2024	56,363	28,736	14,901	1,545	18,956
6	2024	70,937	25,038	4,025	2,468	16,019
7	2024	34,795	36,810	28,397	3,655	13,130
8	2024	64,992	28,387	6,621	5,253	14,322
9	2024	62,156	29,266	8,579	2,964	14,711
10	2025	57,420	34,023	8,557	3,601	17,901
11	2025	36,578	38,547	24,874	2,722	18,588

4-кестеде келтірілген деректерге талдау жасау зерттелген 2024-2025 жылдар аралығындағы сары май үлгілерінің басым бөлігінде ҚМҚ мөлшері 56-71% аралығында тіркелді. Ал МҚМҚ 25-34% және ПҚМҚ негізінен 4-10% деңгейінде болды. Сонымен қатар ТМҚ көрсеткішінің мәні 1,5-5,3% аралығында өзгерді. №7 және №11 - үлгілерінде қаныққан май қышқылдарының деңгейі сәйкесінше 34% және 36%-ға дейін күрт төмендеп, полиқанықпаған май қышқылдарының айтарлықтай жоғарылауы (24–28%) байқалды. Мұндай көрсеткіштер олардың май қышқылдық профилінің табиғи сары май құрамынан ерекшеленетінін көрсетеді.

Талқылау. Алынған нәтижелер зерттелген май өнімдерінің май қышқылдық құрамы олардың шикізаттық негізіне және өндірісте қолданылған технологиялық тәсілдерге тікелей байланысты екенін көрсетеді. Әр өсімдік майы өзге майлардан май қышқылдарының таралу үлесі бойынша ерекшеленеді, бұл олардың шығу көзіне тікелей байланысты. Талдауға алынған он алты өсімдік майларының көп бөлігі негізінен күнбағыс майлары болды. Атап айтқанда, күнбағыс майлары қаныққан май қышқылдары бойынша салыстырмалы түрде төмен деңгейде болып, ПҚМҚ құрамында жоғары мәнге ие екені анықталды. Жалпы сұйық өсімдік майларында ПҚМҚ мөлшерінің жоғары, ал ҚМҚ-ның төмен болуы олардың табиғи өсімдік текті липидтік құрамымен түсіндіріледі.

Әдетте сұйық өсімдік майларындағы транс-изомерлердің мөлшері төмен болады. Дегенімен кей үлгілерде ТМҚ-ның жоғары мөлшері де тіркелді. Бұл дезодорация процесімен байланысты. Дезодорация кезінде майлар жағымсыз иіс пен дәмді беретін, ұшпа қосылыстарды жою мақсатында вакуум жағдайында жоғары температурада (әдетте 180-260 °C) және су буын жіберу арқылы өңделеді. Осы қатаң жылулық жағдайларда, әсіресе линол және линолен қышқылдары сияқты полиқанықпаған май қышқылдарының цис-құрылымды түрлері геометриялық изомерленуге ұшырауы мүмкін. Жоғары температураның әсерінен көміртек-көміртек ($C=C$) қос байланысының айналасында айналу болады. Температура көтерілген кезде π -байланыс әлсіреп, молекуланың жартылай айналуына мүмкіндік береді, нәтижесінде қос байланыс термодинамикалық тұрғыдан тұрақтырақ транс-конфигурацияда қайта түзіледі. Нәтижесінде, алынған дайын өнімде транс-изомерлердің көп мөлшері түзіледі (Mavlanov et al., 2025).

Кейбір спред үлгілерінде транс-май қышқылдарының өте жоғары деңгейі (30-39%) ішінара гидрогенизация технологиясының қолданылғанын дәлелдейді. Бұл көрсеткіш өнімнің халықаралық тағамдық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтінін көрсетеді. Сонымен қатар, транс-майлары нөлге тең немесе өте төмен үлгілердің болуы қазіргі заманғы альтернативті технологиялардың (переэтерификация, фракциялау) қолданылу мүмкіндігін көрсетеді. Бұл технологиялар транс-изомерлердің түзілуін азайтуға мүмкіндік береді. Алайда мұндай тәсілдер кейбір жағдайларда қаныққан май қышқылдарының, әсіресе пальмитин қышқылының үлесін арттыруы мүмкін. Сондықтан май өнімдерінің сапасын бағалау тек транс-майлардың мөлшерімен шектелмеуі тиіс, жалпы май

қышқылдық профиль кешенді түрде қарастырылуы қажет.

Спред майларының кей үлгілері ҚМҚ-ның жоғары үлесімен (55-61%) сипатталды, бұл олардың құрамында пальма майы мен қатты май фракцияларының басым екенін және пальмитин қышқылының (C16:0) жоғары үлесімен тікелей байланысты екенін көрсетеді. Зерттелген маргарин үлгілерінде ҚМҚ мөлшері кең диапазонда өзгереді. №9 үлгіде ҚМҚ-ның ең жоғары деңгейі анықталып, бұл пальма майы немесе қатты май фракцияларының басым қолданылғанын көрсетеді, ал пальмитин қышқылының (C16:0) салыстырмалы түрде жоғары үлесі бұл тұжырымды растайды. Қаныққан майлардың жоғары болуы өнімнің құрылымдық тұрақтылығын арттырғанымен, тағамдық және денсаулық тұрғысынан қолайсыз фактор ретінде бағаланады.


Пальма майын қосу транс-изомерлердің мөлшерін төмендетуге белгілі бір дәрежеде мүмкіндік беретіні мәлім. Алайда бұл өнімнің құрамындағы ҚМҚ мөлшерінің айтарлықтай артуына алып келеді. Бұл өз кезегінде липидтік құрамның теңгерімсіздігіне әкеліп, жүрек-қантамыр аурулары қаупін арттыруы мүмкін. Транс-изомерлерді азайтуға бағытталған технологиялық шаралар кешенді бағалауды талап етеді, өйткені бір көрсеткіштің жақсаруы екінші маңызды тағамдық параметрдің нашарлауымен қатар жүруі ықтимал. Сондықтан май өнімдерінің сапасын бағалауда тек транс-изомерлердің мөлшерін ғана емес, май қышқылдарының жалпы профильдік құрамын ескеру қажет. Пальма майының құрамында шамамен 73% пальмитин қышқылы, 6,0% стеарин қышқылы болады, ал ҚМҚ жалпы мөлшері 81,0%-ға дейін жетеді. Осындай жоғары ҚМҚ деңгейіне байланысты пальма майы маргарин, сары май алмастырғыштары және спредтер өндірісінде кеңінен қолданылады. Ол өнімдердің құрылымдық тұрақтылығын арттырып, сақтау мерзімін ұзартады, сондай-ақ дәмдік және түс көрсеткіштерін жақсартады (McNamara et al., 2010).

Дегенімен, пальма майының тағамдық тұрғыдан тиімділігі осы технологиялық артықшылықтармен шектеледі. Қаныққан май қышқылдарының, соның ішінде пальмитин және стеарин қышқылдарының, қандағы жалпы холестерин деңгейін арттыруға қабілетті екендігі көптеген зерттеулерде көрсетілген. Бұл өз кезегінде атеросклероздың дамуына, қан тамырлары тромбозына, жүрек-қантамыр жүйесі ауруларының туындауына ықпал етуі мүмкін. Сонымен қатар, қаныққан майларды шамадан тыс тұтыну семіздік, 2-типті қант диабеті және метаболикалық бұзылыстар қаупінің жоғарылауымен байланыстырылады (Fattore et al., 2013). Пальмитин қышқылы мен пальма майының адам денсаулығына әсері төңірегінде ғылыми ортада ұзақ уақыттан бері пікірталастар жүргізіліп келеді. Соңғы зерттеулердің бірінде (Pascual et al., 2021) онкологиялық аурулардың өсу себептерінің ықтимал механизмдерінің бірі ретінде пальмитин қышқылының рөлі қарастырылған. Кейбір эксперименттік деректерге сәйкес, пальмитин қышқылы ісік жасушаларының метаболизміне әсер етіп, олардың инвазиялық және метастаздық белсенділігін арттыруы мүмкін (Express, 2021).

ТМҚ-на қатысты нәтижелер маргариндер арасында айқын технологиялық айырмашылықтарды көрсетеді. Мәселен, 2023 жылғы үлгілерде транс-май

қышқылдарының жоғары деңгейі анықталып, бұл гидрлеу технологиясының қолданылғанын көрсетеді. Мұндай жоғары деңгей, негізінен, өндірісте селективті емес никель катализаторларын қолдана отырып жүргізілетін дәстүрлі гидрлеу процесінің пайдаланылуымен байланысты (Toshtay K., 2024). Аталған технология транс-изомерлердің түзілуіне әкелетіндіктен, оның кеңінен қолданылуы халық денсаулығына ықтимал қауіп төндіреді. Ал 2024-2025 жылдары алынған үлгілердің басым бөлігінде транс-майлар 0,5-3,8% аралығында болып, қазіргі заманғы баламалы технологиялардың (переэтерификация, фракциялау) біртіндеп енгізіліп жатқанын көрсетеді. Дегенмен, кейбір үлгілерде транс-майлардың әлі де анықталуы толықтай транс-майсыз өндіріс технологиясына көшу қажеттігін көрсетеді.

2018 жылдың басында кедендік одақ Техрегламенты 024/2011 күшіне енгеннен кейін, Қазақстан нарығында транс-изомерлердің мөлшері 2,0%-дан төмен қатты және жартылай қатты май өнімдері өндірілгені анық байқалады. Бұл жағдай май өндіруші компанияларға жеткізілген май негізін этилат (немесе метилат) натрий катализаторын қолдана отырып переэтерификация әдісімен алған өнімді пайдаланумен байланысты болды (1-сурет). Мұндай технологиялық тәсіл өнімдегі транс-изомерлердің мөлшерін төмендетуге мүмкіндік беріп, оның сапасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге ықпал етті. Сонымен қатар, өнімдегі қатты триглицеридтердің мөлшерін тұрақтандыру үшін өндіріс процесіне пальма майы қосылады. Мұндай тәсіл транс-изомерлердің деңгейін төмендетуге мүмкіндік беріп, өнімнің сапасын халықаралық стандарттарға сәйкес келтіреді.



Сурет 1– Майларды переэтерификациялау химиялық реакциясы

Осы ретте 2023-2025 жылдары тіпті переэтерификация әдісін пайдаланатын кейбір өндірушілердің өнімдерінде де сапа көрсеткіштерінің нашарлауы байқалды. Нақтырақ айтқанда, транс-изомерлердің мөлшері 3,0-3,8%-ға дейін жоғарылаған (3-кестедегі № 9 және 10). Бұл жағдай өндірістік процестің тұрақтылығы, шикізат сапасы немесе технологиялық тәртіптің сақталуы мәселелерін қосымша зерттеуді қажет етеді.

Сары май үлгілерінің көпшілігінде табиғи сүт майына тән липидтік профиль сақталған. Алайда №7 және №11 үлгілерінде ҚМҚ мөлшерінің төмендеуі және ПҚМҚ мөлшерінің айтарлықтай артуы табиғи сары май құрамынан ауытқуды көрсетеді. Мұндай өзгерістер өнім құрамында өсімдік майларының болуы мүмкін екенін көрсететін жанама белгі ретінде қарастырылуы мүмкін. Сондықтан сары

майдың түпнұсқалығын бағалау кезінде тек жалпы май мөлшерін емес, май қышқылдық құрамын да анықтау қажет.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер май өнімдерінің сапасын бағалау үшін кешенді тәсіл қажет екенін көрсетеді. Транс-изомерлердің мөлшерін төмендету маңызды болғанымен, бұл көрсеткішті ҚМҚ, МҚМҚ, ПҚМҚ және пальмитин қышқылының жалпы үлесімен бірге қарастыру қажет. Осы тұрғыдан алғанда, май қышқылдық құрамды жүйелі мониторингі май өнімдерінің тағамдық қауіпсіздігін, технологиялық сапасын және нормативтік талаптарға сәйкестігін бағалаудың маңызды құралы болып табылады.

Қорытынды. 2023-2025 жылдар аралығында жүргізілген зерттеу май өнімдеріндегі транс-май және қаныққан май қышқылдары мәселесінің толық шешілмегенін көрсетті. Зерттелген үлгілердің шамамен 50 %-ы ғана ЕАЭО ТР 024/2011 және ДДСҰ ұсынымдарында белгіленген талаптарға сәйкес келді. Маргариндерде транс-май қышқылдарының төмендеу үрдісі байқалғанымен, өсімдік майлары мен спредтердің жекелеген үлгілерінде олардың артуы тіркелді. Бұл жағдайды төмендету үшін құрамына пальмалық стеарин қосу арқылы жүзеге асырылатын баламалы технологияларды қолдануына байланысты, аталған тәсіл транс-изомерлердің мөлшерін төмендетуге мүмкіндік бергенімен, өнімдегі қаныққан май қышқылдарының үлесін шамамен екі есеге дейін арттырады. Қаныққан май қышқылдарының шамадан тыс көбеюі липидтік профильдің теңгерімін бұзып, жүрек-қантамыр аурулары мен метаболикалық бұзылыстар қаупін арттыруы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, қаныққан май қышқылының жоғары деңгейі транс-изомерлерден кем емес қолайсыз әсер етуі ықтимал, сондықтан технологиялық шешімдерді бағалау кешенді тәсілді талап етеді. Алынған нәтижелер май өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жүйелі және ұзақ мерзімді мониторинг жүргізудің қажеттігін негіздейді. Зерттеу нәтижелері транс-май қышқылдарын төмендету бағытындағы технологиялық өзгерістердің әрдайым өнімнің жалпы тағамдық құндылығын жақсартып бермейтінін көрсетті. Бірқатар жағдайларда транс-изомерлерді азайту қаныққан май қышқылдарының үлесінің артуымен қатар жүріп, май-қышқылдық теңгерімнің бұзылуына әкелген. Бұл май өнімдерін оңтайландыру кезінде тек транс-май қышқылдарын емес, май қышқылдық құрамның жалпы құрылымын кешенді бағалау қажеттігін айқындайды. Сонымен қатар алынған деректер қатаң нормативтік бақылауы бар елдермен салыстырғанда отандық нарықта реттеу деңгейінің жеткіліксіз екенін көрсетеді.

References

Demin A., Løge B., Zhiteneva O., Nishida C., Whiting S., Rippin H., ... & Breda J. (2020) Trans fatty acid elimination policy in member states of the Eurasian Economic Union: Implementation challenges and capacity for enforcement. *The Journal of Clinical Hypertension*, 22(8). — P. 1328-1337, DOI: 10.1111/jch.13945 (in Eng.).

Express (2021) 'Huge breakthrough: The everyday food item potentially causing 90% of cancer cases. <https://www.express.co.uk/life-style/health/1519631/Cancer-risk-fatty-acid-palm-oil-metastasis-mouth-skin>

Fattore E., & Fanelli R. (2013) Palm oil and palmitic acid: a review on cardiovascular effects

and carcinogenicity. *International journal of food sciences and nutrition*, 64(5). — P. 648-659, DOI: 10.3109/09637486.2013.768213 (in Eng.).

International Organization for Standardization (2015) ISO 12966-4: Animal and vegetable fats and oils-Gas chromatography of fatty acid methyl esters (Part 4: Determination by capillary gas chromatography) (in Eng.).

International Organization for Standardization (2017) ISO 12966-2: Animal and vegetable fats and oils-Gas chromatography of fatty acid methyl esters (Part 2: Preparation of methyl esters of fatty acids) (in Eng.).

Mavlanov U., Czaja T.P., Nuriddinov S., Dalimova D., Dragsted L.O., Engelsen S.B., & Khakimov B. (2025) The effects of industrial processing and home cooking practices on trans-fatty acid profiles of vegetable oils. *Food Chemistry*, 469. — 142571 p. DOI: 10.1016/j.foodchem.2024.142571 (in Eng.).

McNamara D.J. (2010) Palm oil and health: a case of manipulated perception and misuse of science. *Journal of the American College of Nutrition*, 29(sup3). — P. 240-244, DOI: 10.1080/07315724.2010.10719840 (in Eng.).

Nagpal T., Sahu J.K., Khare S.K., Bashir K., & Jan K. (2021) Trans fatty acids in food: A review on dietary intake, health impact, regulations and alternatives. *Journal of Food Science*, 86(12). — P. 5159-5174, DOI: 10.1111/1750-3841.15977 (in Eng.).

Oteng A.B., & Kersten S. (2020) Mechanisms of action of trans fatty acids. *Advances in Nutrition*, 11(3). — P. 697-708, DOI: 10.1093/advances/nmz125 (in Eng.).

Pascual G., Dominguez D., Elosua-Bayes M., Beckedorff F., Laudanna C., Bigas C., ... & Benitah S.A. (2021). Dietary palmitic acid promotes a prometastatic memory via Schwann cells. *Nature*, 599(7885). — P. 485-490, DOI: 10.1038/s41586-021-04075-0 (in Eng.).

Ruta F., Calin A., Timus M., Sipos R., & Ciucan-Rusu L. (2023) Knowledge, attitudes and practices regarding the dietary sources of healthy fats and essential oil supplements. *British Food Journal*, 125(8). — P. 3069-3080, DOI: 10.1108/BFJ-01-2022-0021 (in Eng.).

Toshtay K. (2024) Liquid-phase hydrogenation of sunflower oil over platinum and nickel catalysts: Effects on activity and stereoselectivity. *Results in Engineering*, 21, 101970, DOI: 10.1016/j.rineng.2024.101970 (in English).

Toshtay K., Auyezov A., Azat S., & Busquets R. (2025) Trans fatty acids and saturated fatty acids in margarines and spreads in Kazakhstan: Study period 2015–2021. *Food Chemistry: X*, 25, 102246, DOI: 10.1016/j.fochx.2025.102246 (in Eng.).

U.S. Food and Drug Administration. (2005). FDA acts to provide better information to consumers on trans. <https://www.fda.gov> (in Eng.).

Umayangani S., De Silva I., Munasinghe D., Deshika C., Chandrapala J., & Silva M. (2026) Elimination of Trans Fatty Acids from Foods Using Novel Technologies. *Food Reviews International*, 42(2). — P. 802-830, DOI: 10.1080/87559129.2025.2502439 (in Eng.).

Wang X., & Liang G. (2026) The global burden of ischemic heart disease attributable to trans fatty acid in 204 countries and territories, 1990–2023: a systematic analysis for the Global Burden of Disease Study 2023. *Human Genomics*, 20(1), 28, DOI: 10.1186/s40246-025-00883-x (in Eng.).

World Health Organization. (2023, July 17) WHO updates guidelines on fats and carbohydrates. <https://www.who.int/news/item/17-07-2023-who-updates-guidelines-on-fats-and-carbohydrates> (in Eng.).

World Health Organization. Regional Office for Europe (2015) Eliminating trans fats in Europe: A policy brief (No. WHO/EURO: 2015-6592-46358-67067). World Health Organization (in Eng.).

Zhang J., Zhang M., Chen K., & Deng D. (2025) Improvement strategies for fats and oils used in future food processing based on health orientation and sustainability: Research progress, challenges and solutions. *Critical reviews in food science and nutrition*, 65(1). — P. 47-63, DOI: 10.1080/10408398.2023.2266835 (in Eng.).

Zheng H., Cui J., Jia H., Wang S., Wu X., Yan D., & Li D. (2026) Preparation of Platinum Nanowire Supported on Carbon Catalyst and Its Effect on the Electrochemical Hydrogenation of Soybean Oil. *Journal of Food Process Engineering*, 49(1), e70302, DOI: 10.1111/jfpe.70302 (in Eng.).

**Publication Ethics and Publication Malpractice
in the journals of the «Central Asian Academic Research Center» LLP (Almaty)**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

www.nauka-nanrk.kz

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

ISSN 2518-1491 (Online), ISSN 2224-5286 (Print)

*Managing Editor: A.Shormakova
Editors: D.S. Alenov, T. Apendiev
Computer layout: G.D. Zhadyranova*

Signed for print: June 30, 2026

Format: 70×90 1/16. 24.0 printed sheets. Order No. 2